



010000, Астана к., Бейбітшілік к-сі, 11 үй  
тел.: /7172/ 55-66-31, факс: 55-72-94

№  
13.09.2024 № 3 ге

010000, г. Астана, ул. Бейбітшилик, 11  
тел.: /7172/ 55-66-31, факс: 55-72-94

**Тұрақты  
комиссиялардың 2024  
жылғы 23 қыркүйектегі  
қаулысы**

**Астана қаласында шағын және  
орта кәсіпкерлікті дамытудағы  
өзекті мәселелер, оларды шешудің  
мүмкін жолдары туралы**

Банк серийлық номердің аларданын  
Банк бетті серийного номера не действителен

Астана қаласы мәслихатының тұрақты комиссиялары (бұдан әрі – Тұрақты комиссиялар) ұсынылған материалдарды қарап, «Астана қаласында шағын және орта кәсіпкерлікті дамытудағы өзекті мәселелер, оларды шешудің ықтимал жолдары» мәселесі бойынша ақпаратты талқылай отырып, мыналарды атап өтеді.

Республикалық бірынғай кешенді бағдарлама шеңберінде Астана қаласының әкімдігі сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау, кредиттерге ішінара кепілдік беру және мемлекеттік гранттар беру түрінде шағын және орта кәсіпкерлікті қолдауды жүзеге асырады.

2024 жылғы қаңтар-шілде аралығындағы кезеңде сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау бойынша екінші деңгейдегі банктер арқылы кредиттік желілер бойынша 800-ден астам жоба макұлданды.

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің ақпаратына сәйкес, субсидиялау тетігі шеңберінде 2025 жылға 2 504 жоба бойынша міндеттемелер қабылданды. Алайда, осы міндеттемелер бойынша қаражат тапшылығы орын алуда.

Дәстүрлі несиелік қаржыландырумен қатар, кәсіпкерлер арасында жаңа бағытқа – тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді жеткізуіді қаржыландыруға мүмкіндік беретін факторингтік мәмілелерге қызығушылық артып келеді, ал екінші деңгейдегі банк сатып алушы тарапынан төлемдердің ішінara немесе толық тәуекелін өз мойнына алады.

Кәсіпкерлердің құқықтарын қорғауды қамтамасыз ету үшін оларды қорғау бойынша арнайы мобиЛЬДІ топтар жұмыс істейді және фронт-офис құрылды. Астана қаласының прокуратурасы (бұдан әрі – Прокуратура) пайдалануға беруді тіркеу бойынша бас тартудың заңсыз практикасын анықтады. Сондай-ақ, прокуратура кәсіпкерлердің ЕЖЖ түзетуді жүргізуі 6 айда бір рет өтуін күтпей, кезектен тыс тәртіппен рұқсат беру бөлігінде Қазақстан Республикасының заңнамасына өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөнінде ұсыныстар енгізуге бастамашылық жасады.

Астана қаласының кәсіпкерлік палатасы жанынан кәсіпкерлерге қаржылық есептерді тапсыруға және консультациялар алуға көмек көрсететін көпфункционалды орталық жұмыс істейді.

Астана қаласы мәслихатының депутаттары (бұдан әрі – Мәслихат депутаттары) атқарушы орган жалпы өнірлік кәсіпкерліктің орнықты және теңгерімді өсуін қамтамасыз етуге және проблемалық мәселелерді шешуге бағытталған белгілі бір жұмыс жүргізіп жатқанын атап өтті.

Сонымен қатар, осы бағыт бойынша қызметтің тиімділігін арттыру үшін айтарлықтай резервтер бар.

Астана қаласы бойынша Тексеру комиссиясының 2022 жылғы 20 қантардағы № 1 - Қ қаулысымен бекітілген аудиторлық қорытындының нәтижелері бойынша тұтастай алғанда «Бизнестің жол картасы-2025» бизнесі қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы бойынша қаржылық қолдау шараларын алушылар субъектілері санының үлес салмағы (бұдан әрі – Бағдарлама) жұмыс істеп тұрған шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің жалпы санына өте төмен және 2%-дан азды құрайды, бұл елорда кәсіпкерлерінің кең ауқымы үшін (98% -дан астам) көрсетілетін шаралардың қолжетімсіздігін және ақпараттық хабарлау, іріктеу және шешім қабылдау кезеңінде жасырын кедергілердің болуы мүмкін екендігін көрсетеді. Субсидиялау түрінде мемлекеттік қолдау алған бағдарламаның 538 қатысушысының ішінде 2019-2020 жылдар кезеңінде жаңа жұмыс орындарын тек 50 қатысушы құрды, бұл қатысушылардың жалпы санының 9,3% ғана құрайды.

Бұдан басқа, Қазақстан Республикасының басқа өнірлерінде іске асырылып жатқан 23 жоба бойынша кредиттерді субсидиялау және кепілдендіру түрінде қаржылық көмек көрсетілгені анықталды. Ал, атап алған бюджет қаражатын елорда үшін Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі айқыннады. Осылайша, бұл жобалар елорда қаласын дамытудың 2021-2025 жылдарға арналған жоспарының «Қаржылық қолдау шараларын алған кәсіпкерлік субъектілерінің саны» және «Экономикадағы орта кәсіпкерліктің үлесі» нысаналы индикаторларына қол жеткізуге, сондай-ақ жаңа жұмыс орындарын құруға және қала халқының жұмыспен қамтылуын ұлғайтуға қатысқан жоқ.

Инвестициялық жобаларды тартуға байланысты жұмыстарды жүзеге асыру тиімділікті едәуір арттыруды талап етеді, осыған байланысты мәслихат депутаттарының талқылауы барысында оларды тарту жөніндегі бірыңғай стратегияны жаңарту ұсынылды.

Сондай-ақ, инвестицияларды тарту бойынша жұмыс жүргізу кезінде «Astana Invest» ЖШС әлеуеті жеткіліксіз пайдаланылатыны атап өтілді.

Астана қаласының арнағы экономикалық аймағының индустриялық парктерінің аумағында өнеркәсіптік және өндірістік объектілерге жататын инвестиациялық жобалар іске асырылуға тиіс және дәл осы жобалар жер участекелерін алу, жеңілдікті салық салу түрінде тиісті артықшылықтар алуға тиіс.

Мәслихат депутаттары Астана қаласы тұрғындарының «Көше саудасына - 1000 орын» бағдарламасын іске асыру мәселелері бойынша сауда павильондарын ашу, оларды салу үшін жер участекелерін, құжаттарды алу кезінде туындаитын кедергілер мен проблемаларға қатысты шағымдар келіп түсетініне назар аударды.

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы Қазақстан Республикасы Заңының 13-бабына сәйкес талқылау қорытындысы бойынша жария тыңдауға қатысушылардың пікірлері мен ұсыныстарын ескере отырып, Астана қаласы мәслихатының тұрақты комиссиялары **ҚАУЛЫ ЕТТИ**:

1. «Астана қаласында шағын және орта кәсіпкерлікті дамытудағы өзекті мәселелер, оларды шешудің мүмкін жолдары» акпараты назарға алынын.

2. «Астана қаласының Инвестициялар және кәсіпкерлікті дамыту басқармасы» ММ:

елорда кәсіпкерлерінің кең ауқымы үшін «Бизнестің жол картасы-2025» бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) бойынша көрсетілетін қаржылық қолдау шараларының қолжетімділігін қамтамасыз ету;

бағдарлама бойынша субсидиялауды және сыйақы мөлшерлемелері бойынша субсидиялауды, кредиттерге ішінана кепілдік беруді, экономиканың басым салаларында мемлекеттік гранттар беруді қамтамасыз ету;

инвестициялық жобаларды тарту бойынша жұмыстарды жүзеге асырудың тиімділігін арттыру;

Астана қаласына инвестициялар тарту бойынша жаңа стратегияны әзірлеу және ұсыну;

Астана қаласында туризмді дамыту стратегиясын әзірлеу және ұсыну;

жұмысты күшетту және «Astana Invest» ЖШС қызметіне тиімді бақылауды жүзеге асыруды қамтамасыз ету;

«1000 орын. Көше саудасы» бағдарламасын жүзеге асыру барысында оның тиімділігі мен нәтижелілігіне қатысты мәселесін қарастыру;

еңбек ресурстарына қажеттілікті талдауды дайындау;

«1000 орын. Көше саудасы» бағдарламасы бойынша сауда павильондары мен оларды тұрғызу үшін жер участекелерін ашуға құжаттарды алу кезінде әкімшілік кедергілерді жою және кедергілерге байланысты бұзушылықтарға жол бермеу;

өнеркәсіптік және өндірістік объектілерге тікелей жататын индустриялық парктер аумағында инвестициялық жобаларды іске асыруды қамтамасыз ету және шет мемлекеттер мен ТМД елдерінің, оның ішінде өндірістік қуаттар мен ауыл шаруашылығы өндеулерін дамыту жөніндегі тәжірибесін назарға алу

ұсынылсын.

3. «Астана қаласының Көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасы» ММ:

өнеркәсіптік секторды дамыту мақсатында, ЖРК салу кезінде отандық өндірушілердің тауарларын (лифтілер, эскалаторлар, траволаторлар және т.б.) сатып алу ұсынылсын.

4. «Астана қаласының білім басқармасы» ММ «Астана қаласының активтер және Мемлекеттік сатып алу басқармасы» ММ, «Астана қаласының сәулет, қала құрылышы және жер қатынастары басқармасы» ММ бірлесіп:

талдау жүргізіп, мектепке дейінгі білім беру ұйымдары орналасқан коттедждердің тізімі мен санын жасау;

коттедждерде орналасқан білім беру объектілерінің нысаналы мақсатын өзгерту жөнінде ұсыныстар енгізу ұсынылсын.

5. «Астана қаласының активтер және Мемлекеттік сатып алу басқармасы» ММ:

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу комитетімен тоқсан/жарты жылда бір рет коммуналдық меншікке берілетін көпшілдік тұрғын үй кешендерінің тізімдерін түзету және келісу мүмкіндігін қарастыру.

6. «Астана қаласының мәдениет басқармасы» ММ, «Астана қаласының активтер және Мемлекеттік сатып алу басқармасы» ММ:

Астана қаласында өлкетану мұражайын ашу бойынша шаралар қабылдау, бұл ретте оны қазіргі уақытта балалар көркемсүрет мектебі жұмыс істейтін гимаратта ашудың орындылығы мен мүмкіндігін қарастыру қажет.

7. «Астана қаласының Инвестициялар және кәсіпкерлікті дамыту басқармасы» ММ, «Астана қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті» РММ, Астана қаласының Кәсіпкерлер Палатасына:

елорда кәсіпкерлері үшін электронды түрде бірыңғай анықтамалық әзірлеу;

қаржы қызметкерлерінің кәсіби деңгейін арттыру мақсатында бухгалтерлерді оқыту курсарын өткізу ұсынылсын.

8. «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ (бұдан әрі – Қор):

сыйақы мәлшерлемелері бойынша субсидиялауды, кредиттерге ішінана кепілдік беруді, экономиканың басым салаларында мемлекеттік гранттар беруді қамтамасыз ету.

сыйақы мәлшерлемелері бойынша субсидиялау, кредиттерге ішінана кепілдік беру, мемлекеттік гранттар беру тетігіне қатысты мәселелерді, оның ішінде проблемалық мәселелерді қарау мақсатында мәслихат депутаттарының Қорға баруын ұйымдастыруды қамтамасыз ету ұсынылсын.

9. Осы қаулының орындалуы бойынша ақпарат қалалық мәслихатқа бір ай мерзімде берілсін.

10. Осы қаулының орындалуын бақылау Астана қаласы мәслихатының бюджет, экономика, өнеркәсіп және кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына жуктелсін.

**Астана қаласы мәслихатының бюджет, экономика, өнеркәсіп және кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясының төрағасы**

**А. Адамбек**

**Астана қаласы мәслихатының заңдылық, құқықт тәртібі және жүртшылықпен жұмыс мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясының төрағасы**

**А. Айтқожин**

**Астана қаласы мәслихатының әлеуметтік-мәдени даму мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясының төрағасы**

*Мансай*

**А. Смагулов**

**Астана қаласы мәслихатының құрылыш, экология, көлік, сауда және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясының төрағасы**

*В. Сергеев*

**В. Сергеев**